

Астана қаласын 1999 жылы дамыту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 24 ақпан N 161

Астана қаласын мемлекеттің жаңа астанасы ретінде одан әрі дамыту, әлеуметтік және экономикалық жағдайды жақсарту, мемлекеттік емес инвестициялар мен займдарды тарту үшін жағдайлар жасау, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақмола арнайы экономикалық аймағы әкімшілік кеңесінің қалалық объектілерді аймақты әлеуметтік-экономикалық дамыту қорының есебінен қаржыландыру туралы ұсынысы назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімі:

Астана қаласын дамытудың 2007 жылға дейінгі кезеңге және жылдың аяғына дейінгі мерзімге арналған бас жоспарын әзірлеуді аяқтасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін.

барлық көздердің есебінен Астана қаласында 100 мың шаршы метр көлемінде тұрғын үй құрлысын салудың жоспарын іске асыруды қамтамасыз етсін;

1999 жылдың 10 желтоқсанына дейін "Астана-Сити" объектілері кешенінің бірінші кезеңінің құрылысын салуды орындасын;

орталық әмбебап дүкенді қайта жаңартуды жүргізу үшін инвесторды белгілеу жөнінде тендер өткізсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Астана қаласы бойынша объектілердің құрылысын:

республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қайтарымсыз негізде - 1646,5 млн. теңге (екі миллиард бес жүз мың теңге) (1-қосымша);

71,8 млн. АҚШ долларына (жетпіс бір миллион сегіз жүз мың АҚШ долларына) бара-бар сомадағы мемлекеттік сыртқы займдардың есебінен (2-қосымша);

88,0 млн. АҚШ доллары (қырық миллион АҚШ доллары) сомасындағы мемлекет кепілдендірген мемлекеттік емес сыртқы займдардың есебінен (3-қосымша) қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

2) 4-қосымшаға сәйкес бұрын қабылданған шешімдер бойынша Астана қаласының құрылыс объектілерінде мердігерлік жұмыстарды орындауға арналған 709,1 млн. теңге (жеті жүз тоғыз миллион жүз мың теңге) сомасындағы берешекті өтесін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.05.21. N 603 қаулысымен. Р 990603_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.16. N 780

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999.12.25. N 1985 қаулысымен. Р991985_

4. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі бірінші жарты жылдықта оларды Астана қаласының басым объектілерінің құрылысын салуға және дамытуға тарту мақсатында отандық және шетелдік инвесторларды іздестіруді жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі 1999-2001 жылдарға арналған мемлекеттік инвестициялардың бағдарламасына мемлекеттік сыртқы займның қаражаты есебінен қаржыландырылатын "Вячеслав су қоймасының сору станциясынан сүзгілік станцияға дейінгі су арнасының 3-ші тармағы құрылысының", "Гумилев атындағы Еуразия университетінің оқу-әкімшілік корпусының", "Ұлттық мұражайдың" жобаларын және 1999 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін ұсыну лимитінің шегінде 88 млн. АҚШ долларына (қырық миллион АҚШ долларына) бара-бар сомадағы мемлекеттің кепілдігімен мемлекеттік емес сыртқы займның қаражаты есебінен қаржыландырылатын "Астана қаласының объектілерін дамыту" жобасын енгізуді көз десін.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999.12.25. N 1985 қаулысымен. Р991985_

6. Қазақстан республикасының Сыртқы істер министрлігі дипломатиялық қалашықтың құрылысын салу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға кіріссін.

7. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі
Астана қаласында :

1999 жылдың 10 желтоқсанына Теміржолшылардың мәдениет сарайын;
1999 жылдың 1 қазанына теміржол вокзалының ғимаратын қайта жаңартуды аяқтауды қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегіне дейін аумағын Ащысай бұлағына дейін жайластыра отырып Астана қаласы спорт кешенінің бірінші қабатын қайта жаңартуды аяқтауды қамтамасыз етсін.

9. Ауыл шаруашылығы министрлігі Ақмола облысының әкімімен бірлесіп Астана қаласының төңірегіне 2.5 мың га. алаңға ағашпен қорғау белдеуін отырғызуды, оларды сақтау мен суаруды қамтамасыз етсін.

10. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық

келісім министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы кешенін мұражайлық экспонаттармен, кітап қорымен, музыкалық жабдықтармен және аспаптармен жарактандыруды қамтамасыз етсін.

11. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті белгіленген тәртіппен орталық әмбебап дүкеннің ғимаратын Астана қаласы әкімінің коммуналдық меншігіне берсін.

12. Осы қаулының орындалуын Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Н.Ө. Балғымбаевқа жүктелсін.

13. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 24 ақпандағы
N 161 қаулысына
1-қосымша

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.16. N 780
қаулысымен.

Р 9 9 0 7 8 0 _

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.11.16. N 1729
қаулысымен.

Р 9 9 1 7 2 9 _

Астана қаласының республикалық бюджеттің
қаражаты есебінен қайтарымсыз негізде
қаржыландырылатын бірінші кезекті объектілерінің
Тізбесі

млн. теңге

Объектінің атауы	бірлігі	мерзімі	ландыру	(жыл, көлемі
		тоқсан)		
Қаржы министрлігі				949,5
Министрліктердің үйі				
	мың шаршы	28,1	желтоқсан	949,5
	м.		1999 ж.	
Қорғаныс министрлігі				232,0
Әскери лицей		орын	450	тамыз 232,0
			1999 ж.	
Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі				465
Айналып өтетін айналма жолдың учаскесі (Қарағанды-Павлодар)		км	14	қыркүйек 465
				2000 ж.
Жиыны:				1646,5

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 24 ақпандағы
N 161 қаулысына
2-қосымша

Астана қаласының мемлекеттік сыртқы займдардың
есебінен қаржыландырылатын бірінші кезекті объектілердің
Тізбесі

млн. АҚШ долл.

Тапсырысшы	Өлшем бірлігі	Қуаты	Іске қосу мерзімі	Қаржы-ландыру
Объектінің атауы			(жыл, тоқсан)	көлемі
Қазақстан Республикасы Президентінің іс басқармасы				21,7
Астана қаласындағы аурухана	төсек	240	1999 ж.	21,7
Астана қаласының әкімі				3,0
Вячеслав су қоймасының сору станциясынан сүзу станциясына дейінгі су арнасының 3-ші тармағының құрылысы	км	51,0	2001 ж.	3,0
"Ақмола-жылжымайтын мүліктер" делі құрылыс басқармасы мемлекеттік мекемесі				42,1
Гумилев атындағы Еуразия университетінің оқу-әкімшілік корпусы	мың шаршы м.	18,7	1999 ж.	20,6
Ұлттық мұражай	м.	19,5	1999 ж.	21,5
Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі				5,0
Халықаралық әуежайдың құрылысы	жолаушы/сағ.	800	2002 ж.	5,0
Жиыны:				71,8

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы 24
ақпандағы N 161 қаулысына
3-қосымша

ЕСКЕРТУ. 3-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999.12.25. N 1985 қаулысымен.

Р 9 9 1 9 8 5 _

Астана қаласының мемлекет кепілдендірген мемлекеттік
емес сыртқы займдардың есебінен қаржыландырылатын
бірінші кезекті объектілерінің
Тізбесі

млн. АҚШ долл.

Тапсырысшы	Өлшем бірлігі	Қуаты мерзімі	Іске қосу ландыру	Қаржы-
Объектінің атауы		(жыл, тоқсан)	көлемі	
Астана қаласының әкімі			88,0	
"Астана қаржы" ААҚ жобаларына арналған мемлекеттік емес займ			1999 ж. 88,0	
Жиыны:			88,0	

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 24 ақпандағы
N 161 қаулысына
4-қосымша

1998 жылы мердігерлік жұмыстарды орындау үшін
берешектер бойынша (Қазақстан Республикасы Үкіметінің
10.02.98 ж. N 91 және 14.05.98 ж. N 435 қаулылары)

Көлемдер

млн. теңге

Объектілердің атауы, қаржыландыру көзі сомасы	Берешектің
Көздер бойынша барлығы	709,1
оның ішінде:	
Астана қаласының әкімі	191,0
а) этнографиялық-мемориалдық парк	114,0
б) "Әль-Фараби" шағын ауданының инженерлік желілері	48,0
в) 83 кварталдың инженерлік желілері	6,0
г) N 1 "а" КНС-пен 83 кварталдың серпу коллекторын қайта жаңарту	8,0
д) Қазақ музыкалық-драмалық театрын қайта жаңарту	5,0
е) Орыс драма театрын қайта жаңарту	10,0
Астана қаласының "Горкомхоз" МК	518,1

а) қалалық магистральдар мен қаланың орталық алаңын жаңарту		518,1
--	--	-------

ЕСКЕРТУ. 4-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.05.21. N 603
қаулысымен.

Р 9 9 0 6 0 3 _

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Икебаева А.